

Пациент және оның отбасына реабилитация шараларына үйрету

Қасым Айнур

Ойылудың алдын алу

Ойылу - терінің және жұмсақ тіндердің ұзақ уақыт қысылуынан шіруге дейін баратын зақымдануы. Ойылу әлсіз және жүдеген ауыр науқастардың бір қалыпта ұзақ жатқанына байланысты құйымшақ, жауырын, шынтақ, қара құс, жамбас буыны маңайында пайда болады.

Ойылудың алдын алу:

1. Күніне бір реттен кем емес, тері қабатының жағдайын бағалап отыру. Ойылу пайда болатын мүмкін жерлерді күнделікті қарау; құйымшақ, табан, тобық, жауырын, шынтақ, шүйде, тізе буынының ішкі беті аймақтарын.
2. Екі сағат сайын науқастың төсектегі қалпын өзгертіп отыррыңыз, ойықтардың пайда болуы жерлерін қарастырыңыз.
3. Төсектің жағдайын бақылап отырыңыз – онда қалдықтар, бүктеулер болмауы тиіс.
4. Кірленген және дымқылданған төсек-орынды уақытымен ауыстырып отырыңыз.
5. Ойылу пайда болу мүмкін жерлердің жұмсақ тіндерін массаж әдістерімен уқалаңыз. (массажды шығып тұрған сүйектер аймағында жасамайды.)
6. Құйымшақтың астына, жастық тысына салынған немесе жаялықпен жабылған резенке дөңгелекті салыңыз, ал өкпе және жауырын, шынтақ, қарақұстың астына мақта-маталы дөңгелек салыңыз.
7. Нәжісін ұстай алмағанда, памперстерді ауыстырып тұру.
8. Ойыққа қарсы матрас қолдануға болады.
9. Таңертең және кешке теріні өңдеп отырыңыз – жылы су және 10% камфор спиртінің ертіндісіне, 70% этил спиртінің ертіндісіне, 1% салицил спирт ертіндісі, сірке ертіндісіне (бір стакан суға 1 үлкен қасық) батырылған мақта тампонымен ойық пайда болуы мүмкін жерлерді сүртіңіз. Осы тампонмен теріні сүрткенде жеңіл уқалаңыз.

Сауалнама

1. Ойылу дегеніміз...

- A. Ұзақ уақыт қысылуынан жұмсақ тіндердің зақымдануы.*
- B. Бөртпелердің пайда болуы
- C. Жарақаттар
- D. Инъекциядан кейінгі асқынулар

2. Ойықтар дененің қандай бөліктерінде пайда болады?

- A. Мойында, бет аймағында
- B. Алақан аймағында
- C. Сегізкөз, жауырын, шынтақ, шүйде, тізе буын аймақтарында.*
- D. Іш аймағында

3. Қандай жағдайларда терінің ойылуы болуы мүмкін?

- A. Ауру асқынған жағдайда
- B. Инъекция жасағанда
- C. Тасымалдағанда
- D. Ұзақ уақыт төсекте жатқанда*

4. Ойылу кезіндегі дұрыс күтімді көрсетіңіз.

- A. Жылы киіндіру
- B. Пациентті бір қалыпта жатқызу
- C. Пациентті бір қырынан жатқызу
- D. Төсек қалпын өзгертіп отыру, жылы сумен және 10% камфор спиртімен теріні өңдеу.*

5. Ойылудың алдын алуда қандай заттар қолданылады? (екі жауап белгілеңіз)

- A. Валиктер, камфор, салицил спирті*
- B. Арнайы матрастар*
- C. Кресло-каталкалар
- D. Натрий хлориді ерітіндісі

Пациент проблемасы



Ойылудың алдын алу
шараларын білмейді



Бағалау

Пациент туысының ақпаратты түсінгенін бағалау



Жалпы ойық туралы толық түсіндіңіз бе?	Ойықтарда күтім жасайтын қандай заттар қажет екенін айтып бере аласыз ба?	Ойылуды болдырмау үшін алдын алу шараларын жүргізе аласызба?

«Қызыл» түспен бояу – барлығы түсінікті болды

«Сары» түспен бояу – тапсырманы орындау барысында қиындықтар туындады

«Көк» түспен бояу – тапсырманы орындай алмадым

Өзіндік бағалау

Пациент және оның туыстарынан осы ауру жайлы не білетіні жайлы ақпарат жинау.	Пациенттің проблемасын анықтау және оны шешу жолдарын қарастыру.	Пациентті оқытудың мақсатын, жоспарын анықтау.	Пациентті оқыту жоспарын іске асыру.
			

«Қызыл» түспен бояу – барлығы түсінікті болды

«Сары» түспен бояу – тапсырманы орындау барысында қиындықтар туындады

«Көк» түспен бояу – тапсырманы орындай алмадым